



БЕКІТЕМІН

Облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығы директоры

А.Қабдулова

2021 ж.

## Облыстық «Үздік бастауыш сынып мұғалімі - 2021» байқауының ережесі

1. Байқаудың мақсаты: Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын жүзеге асыру мақсатында кәсіптің беделін арттыруға ықпал ететін табысты тәжірибені тарату.

### 2. Байқаудың міндеттері:

1. Бастауыш сынып мұғалімдерінің белсенділігін, шығармашылық ізденісін көтеру;
2. Шығармашылыққа және нәтижеге бағытталған педагогикалық технологиялар мен оқыту әдістерін іздеу;
3. Жаңашыл педагогикалық тәжірибелерді анықтау және насихаттау;
4. Оқушылардың қабілеті мен функционалдық сауаттылығын дамытуда жоғары нәтиже көрсеткен белсенді, шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімдерге демеу көрсету.

### 3. Байқауға қатысушылар

- а) Аудандық, қалалық «Үздік бастауыш сынып мұғалімі» байқауының жүлдегерлері.
- ә) Қатысушылардың жасына шек қойылмайды.

### 4. Байқауды өткізілу мерзімі мен тәртібі

Байқауды өткізудің мынандай кезеңдері белгіленеді:

- 1) Аудандық, қалалық кезеңі 2021 жылдың жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.
- 2) Екінші кезең - облыстық «Үздік бастауыш сынып мұғалімі» байқауы **2021 жылдың мамыр айының 28 күні өтеді.**

Байқауға қатысу үшін құжаттар мен материалдарды [tal.metod@mail.ru](mailto:tal.metod@mail.ru) электронды поштасы арқылы (Алматы облыстық білім беруді дамыту оқу-әдістемелік орталығын) **2021 жылдың 14 мамырына дейін қабылданады.**

Ұялы телефондар: 87714017164 (Сулейменова Кымбат Оспановна)

Байланыс телефондар: 8/7282/250521

Материалдар папкасы 2 файлдан тұрады:

1. Берілген нұсқаға сәйкес сұраныс (қосымша 1);
2. Бейнесабақ түсірілімі (5 -10минут).

Байқауды ұйымдастыру мен өткізудің әр кезеңінде ұйымдастыру комитеттері жасақталады және қазылар алқасының мүшелері анықталады. Қазылар алқасы байқаудың жеңімпаздарын анықтайды.

### 5. Байқау мазмұны

**1-кезең.** Бастауыш сынып мұғалімінің қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды еңгізу бойынша **бейнесабақ түсірілімі** (5 -10минут) 10 балл.

#### Бейнежазбаға қойылатын техникалық талаптар:

Электрондық білім беру ресурстары:

А. Сурет форматы және өлшемі:

- рұқсат етілген пішімдер: JPEG, JPG, PNG, SVG, GIF;
- бір файлдың өлшемі-100 Mb артық емес.

Б. Аудио жазбалар форматы мен пішімі:

- рұқсат етілген пішімдер: MP3, WAV;
- бір файлдың өлшемі: 100 Mb артық емес

В. Бейнежазбалар форматы мен пішімі:

- рұқсат етілген пішім: MP4, MOV;
- бір файлдың өлшемі-200 Mb артық емес;
- бейнежазбаның ұзақтығы-15 минуттан аспайды

Бағалау критерийлері:

1. Сабақтың оқу мақсаттарына сәйкес келуі; 2
2. Сабақта мұғалімнің формативті бағалауды жүзеге асыруы; 2
3. Оқыту процесінде сараланған тәсілдерді қолдануы; 2
4. Сабақта сандық білім беру ресурстарын қолданудың тиімділігі; 2
5. Мұғалімнің белсенді әдіс-тәсілдер мен технологияларды қолдану іскерлігі мен шеберлігі; 2

**2-кезең.** Бастауыш сынып мұғалімдерінің оқушының функционалдық сауаттылығын дамытудағы жұмыс үлгілері – 5-7 минут - 10 балл (*онлайн режимінде zoom платформасында*)

Бағалау критерийлері:

1. Үлгінің мазмұндылығы 2
2. Ғылымилығы 2
3. Жаңашылдығы, өзектілігі 2
4. Жұмыстың нәтижелілігі 2
5. Практикалық құндылығы, тиімділігі 2

**6. Байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлерін марапаттау**

Барлық байқау сынақтарының нәтижесі бойынша қазылар алқасы Бас жүлде, 1, 2, 3 орындар мен келесі номинациялардың иегерлерін анықтайды.

1. «Зерттеуші мұғалім».
2. «Ізденімпаз мұғалім».
3. «Шығармашыл мұғалім».